

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы:

**БІРЫҢҒАЙ КҮШТІ ҰЛТ — МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰРУ ҮСТІНДЕМІЗ**

ПАРЛАМЕНТ ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МІНДЕТТЕРІН САПАЛЫ ӘРІ УАҚЫТЫЛЫ ОРЫНДАДЫ



Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ еліміздің саяси және экономикалық өмірінде аяқталып келе жатқан жылы орнын алған маңызды оқиғалар мен алдағы жылы Парламент қызметіндегі негізгі басымдықтар туралы әңгімелен берді.

— Қасым-Жомарт Кемелұлы, 2015 жылы Қазақстанда болған негізгі оқиғалардың қайсысын атап өтер едіңіз?

— Тәуелсіздік күні қарсаңында Елбасы жылды қорықты. Соның кейбір тұстарына тоқталып өтсем. Ең алдымен, президенттік сайлау туралы айтуымыз керек, бұл сайлау геосаясат пен дүниежүзілік экономика үшін күрделі әрі алдына ала болжамдар жасау мүмкін емес кезеңде Қазақстан халқының төлсізсіз бірлігін көрсетті. Елбасының жана Қазақстанды құрудағы ерен еңбегі мен сайлау алдында ұсынған бес институционалды реформалар бағдарламасы азаматтардың іс жүзінде бірауыздан қолдау көрсетуіне негіз болды.

Осы бағдарлама негізінде «100 қадам» Ұлт жоспары жасалды. Шын мәнінде, бұл мемлекеттік басқаруды түбегейлі жаңғырту, заң үстемдігін, экономиканы әртарап-тандыру мен оның тұрақты өсімін, мемлекеттің халық алдында есеп беруін арттыру және қазақстандық бірегейлік қамтамасыз ету мақсатындағы нақты шаралар. Қоғам Елбасы жария еткен жана реформаларды жедел жүзеге асыру қажет екендігін келісті. Реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету кезеңі толықтай дерлік аяқталды, заңдардың басым бөлігі 2016 жылдың I қантарынан бастап күшіне енеді.

Сонымен қатар, биылғы жыл маңызды мерейтойлық шаралармен де есте қалатын сөзсіз. Біз бұл шараларды терең ұғынып, келешекке бағдарлай отырып жана-ша түрде өткіздік. Қазақ хандығының 550 жылдығы еліміздің азаматтарына қопсырлық тарихы бар қазақ мемлекеттілігі идеяларын тереңрек сезіну үшін ерекше мүмкіндік берді. Бұны қорытынды: сан ғасырлар бойы халқымыз өзінің бірегейлігі, рухани қазынасы, ұлттар қоғамдастығындағы лайықты орны үшін талай күресіп келді. Енді біз жана тарихи жағдайда саяси, экономикалық, адамгершілік, зияткерлік тұрғыдан бірыңғай күшті ұлт — Мәңгілік ел құру үстіндеміз.

Осы жылы ақпан айында Сенат Қазақ хандығының 550 жылдығына орай арнайы өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияға еліміздің негізгі зиялы қауым өкілдерін шақырды. Форум нәтижесінде жинақтықпен, Астана мен Таразда өткен жалпыұлттық шаралар қарсаңында жеке кітап болып шығарылды.

Қазақстан халқы бар қажыр-қайратын сағалау Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы, Конституция мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы да 2015 жылдың айтулы оқиғалары қатарында. Бұл даталар лайықты саяси және ұйымдастырушылық деңгейде атап өтілді.

Жалпы алғанда, бұл күрделі кезеңде өмір сүріп отырмыз. «Жана жаһандық нақты ахуалдағы» құбылмалылық пен белгісіздік бүкіл мемлекеттерге, оның ішінде Қазақстан үшін де айтарлықтай сынақ болып отыр. Бірақ Президент айтаңдай, біз бұл қиындықтарды саяси және ұйымдастырушылық деңгейде атап өтілді.

— Алдағы жылы Қазақстан Парламентінің басым міндеттері қандай болмақ?

— Президенттің жақында жария еткен Жолдауын 2016 жылға арналған жұмыстың, оның ішінде заң қабылдау жұмысының жан тәртібін әзірлеудің ауқымды бағдарламасы деуге болады. Қаржы секторын тұрақтандыру, бюджет саясатын оңтайландыру заңнамалық қамтамасыз

Ассамблеясының мәлімдемесіне назар аударғым келеді, құжат мәселенің өзектілігін жариялап қана қоймай, бұл күрестегі парламенттің ролін күшейтіп отыр. Бұл мәлімдеме әлем парламенттерін халықаралық терроризмге қарсы құқықтық ықпалды күшейтіп, осы күресте парламенттік дипломатияның әлеуетін пайдалануға шақырады. Аталған жолдауды дамыта түсу үшін біз 2016 жылдың ортасында Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хағашылығының кезекті отырысы алдында «Діндер терроризмге қарсы» тақырыбында әлемнің әртүрлі елдерінің парламентшілері мен діни қайраткерлерінің басын қосып, конференция өткізбекпіз.

— Осы жылы 7 желтоқсан күні БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстан бастамасына орай ядролық қарудан еркін әлем құруға қатысты Жалпыға ортақ декларация қабылданды. БҰҰ-да жоғары лауазымды қызмет атқарған тәжірибелі, Қарулыландыру жөніндегі Конференцияның төрағасы болғандығыңызды ескеретін болсақ, Сіз бұл құжатты қалай бағалайсыз?

— Декларацияның бекітілуі — Президент Н.Назарбаев бастап отырған қазақстандық дипломатияның үлкен жетістігі. БҰҰ бас органы қабылдаған Декларация мазмұнды және мәні аса зор құжат. Биылғы жылдың қыркүйегі айында Президент БҰҰ мүшесінен айтқан жаһандық антидролық қозғалыс құру үдерісі іс жүзінде басталып кетті деуге болады. Декларацияны 133 мемлекет қолдады, бірақ алда күрделі дипломатиялық жұмыс бар, сондықтан осы бағыттағы табынды еңбекті тоқтатпай, жалғастырумыз керек.

БҰҰ Бас Ассамблеясының Декларациясы «Елбасының осы сала бойынша ғаламдық тұрғыдағы ой пікірлерін толық көрсетеді. Қазақстан үшін ядролық қаруға қарсы ғаламдық үдерісті шоғырландыру — жоғары миссия ғана емес, Семей полигонында ядролық сынақтардан құрбан болған мыңдаған адамдардың алдындағы адам борыш. Декларацияның мәні ядролық қауіпке қарсы ымырасыз күрес жүргізу болып табылады, сол себепті бұл құжат БҰҰ-ның бүкіл мүшелері, оның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Тұрақты мүшелері түгелдей келісе салатын құжат емес. БҰҰ Бас Ассамблеясының 73-ші сессиясында Бас хатшы Декларацияны жүзеге асыру туралы баяндама дайындады. Бұл жерде ядролық қарудың болуы олақтың өз жұмысын бастауы және Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі. Екі үрлі те аса күрделі және Қазақстанның келешекте дамуында елеулі рөл атқарады. Анығы сол, дүниежүзілік экономика мен саудаға жүйелі түрде ынтымалдасу бағдары үшін басқа өмірлесу балама жоқ. Дегенмен, көп нәрсе әріптестерімізбен өтетін келіссөздерде Қазақстан ұстанымдарын қорғайтын мамандардың кәсібилігі мен табандылығына, отандық кәсіпкерлердің жанашырлығы мен белсенділігіне байланысты болмақ. Қазақстан үшін жаһандық экономиканың мүмкіндіктері айқара ашылу түсуде, бұл қиындықпен қатар үлкен мүмкіндіктері бар «жана нақты ахуалдың» бір бөлігі.

Осы жылдың сыртқы саяси шараларына тоқталатын болсақ, Астанада маусым айында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының V съезінің қорытындысын айту қажет, оның жұмысына жетекші діни өкілдермен қатар БҰҰ Бас хатшысы, Иордания королі, Финляндия президенті және басқа да ықпалды халықаралық қайраткерлер қатысты. Астана форумы және онда қабылданған декларация әлемде терроризм мен экстремизм өршіп отырған кезде діни және саяси қайраткерлер диалогын аса өзектілігі мен қажеттілігін айқын көрсетті. Терроризмнің саяси да, діни де факторлары бар, бірақ бұл қауіпті құбылысқа қарсы күрес шашыраңқы түрде жүргізіліп отыр, бір жағынан қарулы әдістер қолданылса, екінші жағынан айышықты ұағыздар айтылуға. Астанада өткен съезд зорлық экстремизмге кешенді түрде төтеп беру үшін саясат пен дін өзара ықпалдасуға тиіс екендігін көрсетті. Бұл Қазақстан Президенті жүйелі түрде қолдап және дамытып отырған диалогтың жана үлгісі.

Қазақстандық парламентшілердің бастамасымен қараша айында қабылданған «Халықаралық терроризмге қарсы күресте күш-жігерді біріктіру туралы» ТМД Парламентаралық

Әңгімелескен Ж.БАҚҚОНДЫҰЛЫ

**ЖЫРАҚТАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖОЛЫ КӨП**

Шетелдегі қазақ диаспорасы мәдениеті мен тілінің дамуына қолдау көрсету «Мирас» қоғамдық кеңесінде кеңінен талқыланды



Астанада «Нұр Отан» партиясы жанынан құрылған «Мирас» республикалық қоғамдық кеңесінің кезекті кеңейтілген отырысы «Шетелдегі қазақ диаспорасының мәдениеті мен тілінің дамуына Қазақстан тарапынан қолдау көрсету мәселелері: шетелдегі қазақ диаспорасының бүгінгі жағдайына шолу жасау, шетелдегі қазақ мәдени орталықтарының жұмысын жандандыру, шетелдегі қазақ мәдени орталықтары мен Қазақстандағы уәкілетті органдардың өзара қарым-қатынасын нығайту мәселелері» тақырыбына арналды. Жиында «Нұр Отан» партиясы Төрағасы Бірінші орынбасарының кеңесшісі Берік Уали, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, танымал жырау Бекболат Тілеухан, сондай-ақ Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар өкілдері, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты. Жиында шетелдегі қандастарымызды қолдау, қазақ тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасау, жастардың Атажұртқа білім алуына мүмкіндік беру сынды өзекті мәселелер талқыға салынды.

Жиында жүргізілген Мәжіліс депутаты, «Мирас» қоғамдық кеңесінің төрағасы Мәулен Әшімбаев көтерілген тақыпты қаншалықты маңызды әрі өзекті екендігін тілге тиек етті. «Шетелдегі қазақ диаспорасының мәдениеті мен тілі дамытуға Қазақстан тарапынан қолдау көрсету мәселелерін мемлекеттік маңызды іске айналдырып отыр. Әрине, бұл салада Үкімет тарапынан бірқатар жұмыстар жүргізілгенімен, бірақ шешімін таппаған күрделі мәселелер де жоқ емес», — деді Мәулен Сағатханұлы.

Көтерілген мәселе бойынша сөз алған Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы төрағасының орынбасары Сұлтанай Бағбайғали өз кезегінде шетелдегі қандастарымызбен байланысты бір орталықтан ұйымдастыру керек екендігін жеткізді. Оның ойынша, қазақ диаспоралары мәдени-рухани құндылықтарға, білім-ғылымға және баспасөзге мұқтаж. Осы аталған үш мәселе шешілуі үшін, шетелдегі қазақ диаспорасының жағдайы түзелеміз. «Мұндағы айтылған ең үлкен мәселе шетелдегі ағайындармен байланысты бір орталықтан ұйымдастырып жүргізу. Өйткені жасыратын жоқ, қазір мұнымен кім айналысатынын белгісіз. Әрбір мұнестің өз алдына жеке, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы өз алдына бөлек жұмыс жасайды. Бұның салдарынан ортақ жүйе жоқ. Оған кейін атқарылып жатқан жұмыстардың да басы бар да аяғы сынырсыздықпен кетіп жатыр. Жасыратын жоқ бұлай жалғаса беретін болса, шетелдегі қазақтардың өз алдынмен ұлттық аға тілінен, мәдениеттен, салт-дәстүрінен айырылып қалуы мүмкін», — деді Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары Берік Уали.

Шетелдегі қандастарымыздың жай-күйіне қанық болған «Мирас» кеңесінің мүшелері көтерілген өзекті мәселені жан-жақты талқыға салды. Ұлттық спорт қауымдастығының президенті, Бекболат Тілеухан өзге мемлекеттегі қандастарымыздың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, қанына сіңген генетикалық рухты ояту үшін ұлттық спорттық ойындарды ұйымдастырып отыру аса маңызды екендігін тілге тиек етті. Сыртқы істер министрлігінің департамент директоры Айдарбек Тұматов шетелдегі қандастардың проблемалары және оларды шешу жолдарына қатысты негізі баяндама жасады. «Елбасы Н.Назарбаев шетелде тұратын қазақ диаспорасымен жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырған еді. Аталған тапсырмаға сәйкес, ҚР Сыртқы істер министрлігі шетелдегі қазақ қандастарымыздың жай-күйін жіті назарда ұстап, тұрақты түрде тілсіз жұмыстар атқарып келеді. Қазақ диаспорасын қолдау саясаты негізінен, екі бағытта жүзеге асырылуға. Яғни этникалық сәйкестілікті сақтау және Отанда қайта оралу мәселелерін шешу. Соңғы статистикалық мәлімет бойынша, қандастарымыздың басым бөлігі Озбекстан мен Қытайда орналасқан. Яғни Озбекстанда — 1,5 миллион қазақ болса, Қытайда бұл көрсеткіш 1,4 миллионды құрап отыр. Ал Ресей, Түркіменстан, Монғолия, Түркия сияқты елдерде де қазақтардың саны артып келеді. Сондай-ақ, Иран, Ауғанстан және Батыс Еуропа елдерінде де өмір сүріп жатқан қазақтар бар. Айта кетерлігі, Қытайдың ішкі өңірлерінен орасан зор қытайлық еңбек күштерінің Шыңжаңға ауып отыруы қазақтар тығыз орналасқан солтүстік Шыңжаңдағы демографиялық жағдайы күрт өзгертуіне және қандастарымыздың бірқатар қиыншылықтарға ұшырауына әкеліп соқты.

Бүгінде ол жақтағы қандастарымызды қолдау үшін шешім табуы қажет ететін екі мәселе бар, олар — қазақ тілі мен мәдениетін сақтап қалу және елімізге қоныс аударғысы келетін қазақтарға қолдан келгенше көмек көрсету. Қазіргі кезде Шыңжаңда екі телеарна қазақ тілінде хабар тарата алады, алты қазақша журнал шығарыла отыр. Қазақстанның жай-күйін уақтылы жеткізу мақсатында Қытайлы барлық жерінде қазақстандық телеарналарды тарату қажет. Бұл үшін ондағы тілшілер қосынды өркендеуі керек деп санаймыз. Мысалы, кезінде, 2009 жылы қаражат тапшылығы кесірінен жабылып қалған Бейжіңдегі «Казинформ», «Казак радиосы», «24 КЗ» тілшілер қосыны елшілігіміздің ұсынысымен 2012 жылдың қазанында қайта ашылып, бейсенді жұмыс жасауда. Олар Қытайдағы оқиғалар туралы 600-ден аса бейнематериал түсіріп, Журналистер жергілікті диаспорамен тығыз қарым-қатынас орнатуда. Сондай-ақ «Ұлы Жібек жолы» жобасы аясында Аспанастаны елшілігіміз отандастарымызға қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрін насихаттайтын анимациялық фильм түсіру жобасы бекітілді», — деді Айдарбек Тұматов.

СІМ өкілі келтірген мәліметке сүйенсек, қазақтар шоғырланған аумақтарда, Шыңжаңда еліміздің тікелей басқаруымен мәдени орталық ашу мәселесі әлі күнге өз шешімін таба алмай отыр. Ал Қытай тарапы бұл мәселені жолға қойып, Қазақстанда 4 Конфуций институтын ашып, болашақта ҚХР шетелдегі мәдени орталықтар саны 50-ге жеткізуді көздеп отыр. «Біздің Мәдениет министрлігі шетелде мәдени орталықтар салуға қаржы қарастырылмағандықтан, оны ашу мүмкін еместігін айтамын. СІМ ұстанымы бойынша қазақ халқының мәдени дамуын қамтамасыз ету, ұлттық мүддесі мен құқықтарын шетелде қорғау қажет. Қаражат қарастырылған жағдайда министрлік бұл мәселеге қолдау көрсетуге дайын», — деді А. Тұматов.

Бір қуантарлығы, Монғолияда жағдай басқа өңірлермен сарыстырғанда әлдеқайда көш өлгері. Қазақ көп шоғырланған Баия Оймағында қазақ тілінде 43 мектеп жұмыс ітесе, отандық университеттерде арнайы бөлімшелер жұмыс жасайды. Сондай-ақ Қазақстанға барып оқығысы келетін жастар саны жылдан-жылға артып келеді. «Сол себепті студенттер бойынша берілген квотаны арттыруды ұсынамыз. Тиісті құжатты екі ел арасындағы білім саласындағы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама түрінде әзірленіп, 2016 жылдың бірінші жартысына жоспарланған Монғолия президенті Доржын Астанаға сапары аясында «қол қоюға дайын» орында деп есептейміз», — деді А.Тұматов. Жиында қатысушылардың пікірін екіге бөлген мәселе — шетелдерде қазақ мектептерін салуға қатысты болды. Өз кезегінде жазушы, мәдениеттанушы Аубай Мұхитбек өзге мемлекетте қазақ балаларына арнап мектеп ашудың қажетті екендігін ескертті. «Шетелдердегі қандастарымызға қатысты мәселелер бізге дейін де сан мәрте көтерілген болатын. Бұл тақырып «Мирас» журналының мақаласында талқыға салынуы өте дұрыс. Ең алдымен шет елдерде қазақ мектептерін ашу мәселесі қаншалықты шынайыға жана насады деген сұраққа жауап берсек, бұл ұсыныс іс жүзінде келгенде жүзеге аса қояы екіталай. Мысалы, ҚХР-дағы қазақ отбасыларында да орташа есеппен алғанда 3 баладан бар. Олардың барлығын қазақ тілінде оқытты, арнайы мектеп ашу мүмкін емес. Бұған Қытай тарапы келісім бере қоймайтындығы да ұғынықты. Меніңше, бұл мәселенің тек бір ғана жолы бар. Яғни Қазақстанға келіп, білім алып жүрген жастардың санын арттыру. Қазіргі таңда статистикалық мәліметке сүйенсек, Қытайда 15 мың қазақ студенті барлық сала бойынша білім алады. Тіпті олардың арнайы ұйымдарды құрылып, олар қауымдастықпен тығыз қарым-қатынас орнатып,

Әңгімелескен Ж.БАҚҚОНДЫҰЛЫ

Еркежан ЖҰМАТАЙ  
Астана қаласы